АСТАНА
ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ГОРОДА
АСТАНЫ

ҚАУЛЫ

2023 жылғы 2 шілде

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 510-1085

Астана қаласы әкімдігінің «Астана-Жарнама» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Астана қаласы әкімдігінің «Астана-Жарнама» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) құрылсын.

2. Мекеменің Жарғысы осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Мекемені басқаруды жүзеге асыратын орган «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) болып белгіленсін.

4. Басқарманың басшысы Мекемені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

5. «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы», «Астана қаласының Қаржы басқармасы», «Астана қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы», «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемелерінің басшылары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Әкім **Ж. Қасымбек**

«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ
Мемлекеттік-құқықтық бөлімі

Астана қаласы
әкімдігінің және әкімінің актілері үшін

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына кайтп көшірмелер шектеусіз данала жасалады.
белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве,
ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Астана қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 2 маусымдағы
№ 510-1065 қаулысына
қосымша

Астана қаласы әкімдігінің «Астана-Жарнама»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
жарғысы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Астана қаласы әкімдігінің «Астана-Жарнама» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) Астана қаласының бірыңғай сәулет-көркемдік бейнесін іске асыру жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін Мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мекеме «Астана қаласы әкімдігінің «Астана-Жарнама» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 2 маусымдағы № 510-1065 қаулысымен құрылды.

4. Мекеменің құрылтайшысы Астана қаласының әкімдігі болып табылады.

5. Мекеменің уәкілетті органы «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) болып табылады.

6. Мекеменің толық атауы:

мемлекеттік тілде: Астана қаласы әкімдігінің «Астана-Жарнама» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Астана-Жарнама» акимата города Астаны.

7. Мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z10T4D3, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, М. Әуезов көшесі, № 6 ғимарат.

2-тарау. Мекеменің заңды мәртебесі

8. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

Шарт міндеттемелері бойынша Мекеменің жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мекемені ұстауға арналған қаржыландыру жоспарының шегінде болады.

3-тарау. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мекеме қызметінің мәні – Астана қаласының бірыңғай сәулет-көркемдік бейнесін іске асыру.

13. Мекеме қызметінің мақсаты Астана қаласының сәулет-көркемдік келбетін мониторингілеу, Астана қаласының сыртқы (көрнекі) безендірілуінің дерекқорын жүргізу және мониторингілеу болып табылады.

14. Мекеме өз мақсаттарына жету үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) хабарламасыз орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама және жарнама құрылымдарын, сондай-ақ ғимараттардың (құрылыстардың) меншік иелерінің, тұрғын үйдегі (ғимараттағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің немесе кондоминиум объектісін басқару органының, ғимараттарға (құрылыстарға) өзге де заттай құқықтары бар тұлғалардың келісімінсіз орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін анықтау;

2) Астана қаласының аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары бөлінісінің жолағында (жолақтан тыс) үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте сыртқы (көрнекі) жарнаманы нақты орналастыруды оның орналастыру фактісін бір реттік фотосурет немесе бейнематериал жасап растау арқылы белгілеу;

3) сыртқы (көрнекі) жарнаманы, жарнамалық құрылымдарды орналастыру және қалалық ортаны сәулет-көркемдік безендіру мен дизайны бойынша ұсыныстарды қарау және келісу;

4) сыртқы (көрнекі) жарнаманың және сәулет-көркемдік безендірудің және ғимараттарды, құрылыстарды, сәулет нысандарын және Астананың басқа да сәулет нысандарын жарықтандырудың электрондық деректер банкін (дерекқорын) құру, жүргізу және толтыру.

5) сыртқы (көрнекі) жарнама, ақпарат, сәулет-көркемдік безендіру, ғимараттарды, құрылыстарды, сәулет нысандарын және басқа да сәулет объектілерін жарықтандыру туралы мәліметтер мен ақпаратты жинау, жүйелеу, өңдеу және талдау;

6) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру эскиздерін қарастыру;

7) көп пәтерлі тұрғын үйлерді, ғимараттар мен құрылыстарды Астана қаласының бірыңғай сәулет келбетіне сәйкестігі тұрғысынан көзбен шолып тексеру;

8) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде әлеуметтік жарнаманы таратуға жәрдемдесу;

9) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін және қалалық кеңістік элементтерінің басқа да көрнекі құрамдас бөліктерін монтаждау және бөлшектеу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

10) Астана қаласының соттарына Астана қаласының бірыңғай сәулет-көркемдік бейнесін іске асыру мәселелері бойынша, барлық процестік құқықтармен, оның ішінде талап қою арыздарын беру және оларға қол қою құқығымен, талап қою талаптарынан толық немесе ішінара бас тарту, талап қою нысанасын өзгерту құқығымен, Астана қаласы сотының сот шешімдеріне, ұйғарымдарына, апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыларының қаулыларына шағымдану және сот актілерін орындауға ұсыну, сот актісін мәжбүрлеп орындау талаптарымен, барлық қажетті сұраулар мен өтініштерге қол қою, жауапкерлерден және барлық құзыретті органдардан, ұйымдардан құжаттарды талап ету құқығымен жауапкер, үшінші тұлға және мүдделі тұлға ретінде қатысу;

15. Мекеме осы Жарғыда бекітілген қызметтің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқылы емес.

16. Мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле Қазақстан Республикасының шектелуі заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген не оның директорының жарғылық құзыретін бұза отырып, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның, прокурордың талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мекемені басқару

17. Құрылтайшы Мекемеге мүлікті бекітеді, Мекеменің Жарғысын, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекітеді.

18. Мекемені жалпы басқаруды уәкілетті орган жүзеге асырады.

19. Уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіпте мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) Мекеме мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

3) Мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібін және өкілеттік мерзімін, мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды және бекітеді;

4) Мекеме директорының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

5) Мекеменің құрылымын және шекті штат санын бекітеді;

6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

7) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;

8) жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

9) өзіне осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Мекеме директорын уәкілетті орган лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

21. Мекеме директоры мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, уәкілетті органға және жергілікті атқарушы органға тікелей бағынады және мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

22. Мекеменің директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын оның құзыретіне сәйкес мекеме қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

23. Мекеме директорының жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

24. Мекеме директоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) Мекеменің іссапарларға, тағылымдамаларға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлері бойынша жоспарларын бекітеді;

6) банктік шоттар ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Мекеме қызметкерлерін марапаттау және тәртіптік жаза қолдану шараларын қабылдайды;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және Мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктері аясын айқындайды;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте ішкі тәртіп ережелерін бекітеді.

5-тарау. Мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

25. Мекеменің мүлкін заңды тұлғаның активтері құрайды, олардың құны оның теңгерімінде көрсетіледі. Мекеменің мүлкі:

1) меншік иесі оған берген мүлік;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен құрылады.

26. Мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

27. Мекеменің мүлкі оған жедел басқару құқығында тиесілі және Астана қаласының коммуналдық меншігіне жатады.

28. Мекеменің қызметі уәкілетті орган бюджетінен қаржыландырылады.

29. Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есеп береді.

6-тарау. Мекемедегі жұмыс тәртібі

30. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеу тиіс.

7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

31. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8-тарау. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

32. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

33. Мекеме заңнамалық актілерде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

34. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Мекеменің мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

35. Таратылған Мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

9-тарау. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

36. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.